

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Халық Тобының 2014 жылғы I тоқсан бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері туралы

20 мамыр

2014 жыл

2014 жылғы I тоқсан қорытындылары бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - Банк) таза кірісі, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 96.8%-ға 37.9 млрд. теңгеге дейін өсті. Қазақстан Халық Банкі отандық ЕДБ арасында активтер, капитал, таза кіріс көрсеткіштері мен клиенттер қаражаты бойынша жетекші жайғасымға ие болды.

2014 жылдың I тоқсанында Банк, Қазақстан нарығында өзінің жетекші жайғасымдарын одан әрі нығайту бойынша міндеттерін табыстылықпен орындап, қаржылық көрсеткіштердің бір қатары бойынша сенімді өсуді көрсете біліп, қаржы институты мен оның еншілес ұйымдарының 2013-2015 жылдарға арналған орта мерзімдік Даму стратегиясын іске асыруды жалғастырды.

Осылайша, 2014 жылдың алғашқы үш айы 96.8%-ға (до 37.9 млрд. теңгеге) дейін өскен таза кірістің; таза пайыздық кірістің - 48.6%-ға дейін - көрсеткіштерінің өсуімен белгіленді.

Транзакциялық банкингтен түскен қызметтер мен комиссиялар жөніндегі табыстар (яғни, зейнетақы қоры мен активтерді басқарудан түскен табысты есепке алмай) Банктің транзакциялық бизнесі көлемінің өсуі нәтижесінде 2014 ж. I тоқсан бойынша, 2013 ж. I тоқсанына қарағанда, 13.7%-ға өсті.

Зейнетақы қоры мен активтерді басқарудан түскен табыс 3.4 есе рет ұлғайды.

Орта меншікті капиталға (RoAE) қайтару жылдық 38.7%-ға (2014 ж. I тоқс. бойынша жылдық 23.0%-ға), ал орта активтерге (RoAA) қайтару – жылдық 5.6% дейін ұлғайды (2014 ж. I тоқс. бойынша жылдық 3.2%-ға).

2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда, активтердің 16.5%-ға өсуі көбінесе ақша қаражаты мен оның баламасында (70.6%), сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарда (11.9%) және клиенттердің заамында, нетто (2.8)%, орын алды.

Клиенттерге берілетін заамдар, 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда, брутто негізінде 3.8%-ға және нето негізінде 2.8%-ға өсті. Брутто негізінде клиенттерге берілген заамдардың өсуі корпоративтік және ШОБ клиенттеріне берілетін заамдардың 4.5%-ға және бөлшек заамдардың 1.4%-ға өсуіне орай пайда болды.

Клиенттер қаражаты 22.9%-ға өсті.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда, көбінесе АҚШ долларына деноминацияланған еврооблигацияларды қайта бағалау нәтижесінде 16.4%-ға төмендеді. Осы баспасөз релизи шыққан күні шығарылған Банктің борыштық бағалы қағаздары негізінен 2017 ж. мамырда және 2021 ж. қаңтарда бір жолғы түрде өтелетін, сәйкесінше 700 млн АҚШ доллары және 500 млн АҚШ доллары сомасына, өтелмеген еврооблигациялардың екі шығарылымымен ұсынылады, әр шығарылым бойынша купон мөлшерлемесі 7.25%.

Меншікті капитал, 2013 ж. 31 желтоқсанға қарағанда, көбінесе 2014 ж. I тоқсан ішінде алынған таза кіріс есебінен 9.4%-ға ұлғайды.

Бірінші деңгейдегі капитал жеткілігінің k1-1 және k1-2 реттеуші коэффициенттері және капитал жеткілігінің k2 коэффициенті 2014 ж. 31 наурыздағы жағдай бойынша сәйкесінше 12.3%, 15.6% және 17.9% болды, 2013ж. 31 желтоқсанда бұл коэффициенттер сәйкесінше 9.5%, 11.2% және 18.2% құрайтын. Базель нормативтері бойынша есептелген бірінші деңгейдегі капитал жеткілігінің коэффициенттері 2014 ж. 31 наурыздағы жағдай бойынша сәйкесінше 18.0% және 19.2% құрды, бұған қарағанда 2013ж. 31 желтоқсанда бұл коэффициенттер сәйкесінше 17.2% және 18.5% құрайтын.

2014 жылы 31 наурызда аяқталған үш ай бойынша барлық аралық қаржылық ақпарат, соның ішінде ескертпелер, Банктің веб-сайтында қол жетімді: <http://halykbank.kz/ru/about/reports>.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттер базасы мен таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы әрі жетекші бөлшек сауда банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келіп, өзінің бөлшек сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын (банктік, зейнетақылық қызметтерді, сақтандыру, лизинг бойынша қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін) ұсынууда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі,
тел. +7 727 2 590 816, www.halykbank.kz**